

## СЫЙЛЫҚ БЕРУ ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ПАРА БЕРУГЕ АЙНАЛАДЫ?

Әлібек МОЛДАНИЯЗОВ

әлеуметтік ғылымдар магистрі, консультант, «Nur-Otan» партиясы, Саяси менеджмент мектебі

УДК 343.352

**Аңдатпа.** Әрбір мемлекеттің, ондағы халықтың күнделікті өмірінде сыйлық беру үрдісі кең тараған және қоғамдық қарым-қатынаста маңызды рөл атқарады. Сыйлық пен сыйлық беру дәстүрі, пара мен парақорлық және сыбайлас жемқорлықтың ара-қатынасы бүгінгі күні қай қоғамда болмасын маңызды, әрі қызу талқыланатын тақырыптардың біріне айналды.

Сыйлық алмастыру - тереңнен тамыр тартқан, жүйелі дамып отыратын үрдіс. Алайда қаншама уақыт өтсе де тіпті мемлекеттік басқару құрылымдары, заңдар мен ережелер өзгерсе де сыйлық беру мен оның атқаратын қоғамдағы міндеттері өзгеріссіз қалуда. Сыйлық беру мен қабылдауға байланысты заңнамалық шектеулер қоғамдық ортада өзіндік наразылықтарын да туғызуда. Сондықтан мақалада сыйлықтың параға айналуы, сыйлық алмастыру теориясы мен тәжірибесі іргелі академиялық зерттеулерге сүйене отырып талқыланады.

Сонымен қатар, мақала мемлекеттік қызметшілер, тіпті барлық сала қызметкерлері арасында да сыйлық беруді не үшін заңмен шектеу керектігін, сыйлық қабылдаған адам сыйлық берушіге қандай да жолмен болсын кері қарай қайтару міндетін де қабылдайтынын баса айтады.

**Түйінді сөздер:** Сыйлық, сыйлық беру, пара [парақорлық], сыбайлас жемқорлық, мемлекеттік қызметшілер.

**JEL код:** Z18, Z10, L38, O10

**Abstract.** The process of gift giving is widespread in every state and nationalities and this plays a large role in public relations. Nowadays, the relationship between giving a gift and the tradition associated with this phenomenon, bribe and bribery, corruption has become the most debatable topic in society.

Gift exchange is systematic evolving process that is deeply rooted. However, even when government structures, laws and regulations change, the remuneration and responsibility of the society in which it operates remain unchanged. Legal restrictions on giving and accepting a gift are also reflected in public speaking in a negative context. Therefore, the article considers the gift of a bribe, the theory and practice of gifts in the framework of fundamental research.

In addition, the article emphasizes why the law restricts gift giving for public servants and even for all fields of employees. In other words, the results of this work show that when person accepts a gift, at the same time, the person also accepts an obligation to return.

**Keywords:** Gift, gift giving, bribe [bribery], corruption, civil servants.

**JEL code:** Z18, Z10, L38, O10

**Аннотация.** Дарение подарков имеет место в любом государстве, у любого народа, оно широко распространено в повседневных практиках и играет важную роль в общественных отношениях. Взаимосвязь подарков и дарения, с одной стороны, взяток и взяточничества, с другой, является одной из самых актуальных обсуждаемых тем в современном обществе.

Обмен подарками – это систематически развивающийся, глубоко укоренившийся процесс. Со временем меняются структура государственного управления, законы и нормативные акты, однако роль подарков и вознаграждения в обществе остаются неизменными. Законодательные ограничения в отношении дарения и принятия подарка обсуждаются в публичных выступлениях в негативном контексте. Основываясь на фундаментальные исследования, в статье рассматриваются вопросы трансформации даров во взятки, теоретические и практические аспекты обмена дарами.

В статье также подчеркивается, почему закон должен ограничивать дарение подарков не только государственным служащим, но и всем категориям наемных работников, а также обязывать получателя возвращать дар дарителю любыми способами.

**Ключевые слова:** Подарок, дарение подарков, взятка [взяточничество], коррупция, государственные служащие.

**JEL код:** Z18, Z10, L38, O10

### Кіріспе (Introduction)

Әрбір қоғамда қандай да бір тауарды, бұйымды алмастыру дәстүрі бар. Олардың ішінде кең тарағандарының бірі – сыйлық алмасу. Сыйлық алмасу – бұл адамзат өміріндегі күрделі құбылыс және «толық қызмет көрсету» болып табылады (Mauss, 2002, 6-7 бб.). Сыйлық

алмасу тереңнен тамыр тартқан, жүйелі дамып отыратын үрдіс және өзінің негізгі атқаратын функцияларын бүгінгі күнге дейін өзгеріссіз қалдырып отыр. Осы мақалада келтірілген және дәлелденгендей, бұл адамдар арасындағы қарым-қатынастармен тығыз байланысты әлеуметтік құбылыс. Бұл

жердегі қарым-қатынас деп отырғанымыз, екі адамның арасындағы қатынас, бір топ адамның, немесе, тіпті, институттар мен елдер арасындағы қарым-қатынас болуы мүмкін. Марсель Мосстың (Mauss, 2002) сыйлық беру теориясы осы аталған қарым-қатынастар туралы фундаменталды түсінік береді. Бұл теория тайпалар мен рулардың ішіндегі ішкі және сыртқы, көлденеңінен және тігінен өзіндік айналымда болатын сый-сияпат беру мен сыйлық жасау үдерістерінің мысалы болады. Осы тұста бір ғана идея өте анық, яғни ол сыйлық беру салтының «қайтарымды», басқаша сөзбен айтқанда, сыйлық қабылдаған тұлға оны кері сыйлық беру әлде басқа да негізде қайтаруға жататындығын (келісетіндігін) нақты дәлелдейді. Алайда, аталған алмасулар кей жағдайда пара беру ретінде қабылдануы (есептелуі) мүмкін. Осы тұста сұрақ туындайды, сыйлық беру қандай жағдайда пара беруге айналады және бұл алмасу қандай өзгерістерді тудыруы, қандай мінез-құлықтық өзгерістер жасауға әсер етуі мүмкін?

Бұл мақалада мен сыйлық беру қалай және қашан пара беруге айналатындығын талқылайтын боламын. Сыйлық беру мінез-құлық сипаттарының бірі екендігінде сөз жоқ. Ал мұндай мінез-құлықтың қалыптасуы үшін ешқандай арнайы әрі шынайы қарым-қатынастың қажеті жоқ, өйткені адамдар сыйлық алмасу барысында өздерін достық және өзара сенімді қарым-қатынастамыз деп санайды. Сыйлық алмасу дегеннің өзі кең ауқымды ұғым, оны тар, нақты аумақта талқылау үшін бұл мақалада бірқатар академиялық еңбектер, атап айтқанда Мосстың және Малиновскийдің сыйлық теориялары негізге алынған. Сонымен қатар, кейбір дәлелдер Дарр, Белло, Зиманов, Комтер, Карла және Гори, Вернер, Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Конвенциясы және Ұлыбритания Пара Актісі (UK Bribery Act, 2010), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдары шеңберінде одан әрі дамытылады.

Жоғарыда аталған дәлелдерді жүйелі түрде зерттеу үшін мақаланың негізгі бөлігі сыйлық беру қандай жағдайда пара беруге айналады деген басты сұрақты сыни тұрғыдан талдайды.

Сондай-ақ, «сыйлық», «пара», «парақорлық» және «сыбайлас жемқорлық» терминдеріне түсінік беріледі. Сыйлық пен параның ұқсастықтары мен шекаралары нақты мысалдармен қарастырылады. Жалпы мақаланың соңында сыйлық беру мен параның тұжырымдамасы қорытындыланып, алдағы зерттеулерге ұсыныстар жасалады.

### **Сыйлық берудің теориясы (The theory of gift giving)**

Сыйлық беру немесе қабылдаудың өзіне тән теориясы бар және ол Марсель Мосстың «Сыйлық» (*The Gift*) атты еңбегінде таныстырылған (Mauss, 2002). Бұл теория сыйлық берудің шығу тегін, мақсатын, міндеттерін нақты сипаттайды. Сонымен бірге, әр заманда әр қоғамда орын алған сыйлық беру үрдісін қорытындылап, жалпы мағынасы мен өзіндік орнын нақтылап берді. Теорияның басты негізі – сыйлық беру немесе қабылдау «қайтарымды» болып келеді және алушыға (қабылдаушыға) міндеттер жүктейді. Тақырыпты зерттеушілердің бірі Комтер (Komter, 2007, 93-94 бб.) оны былай атап көрсетеді: «Сыйлықпен алмасу» әртүрлі функцияларды атқарады, мысалы, экономикалық, әлеуметтік, моральдық, діни, эстетикалық және заңды немесе дәстүрді іске асыру, сондықтан Мосс өзінің сыйлық туралы 1923 жылғы кітабында оны «жалпы әлеуметтік құбылыс» деп атады. Аталған тақырыпты зерттеушілердің тағы бірі Дарр (Darr, 2017, 93 б.) төмендегіше сипаттайды: «Сыйлықтар теориясы әлеуметтану, антропология, тұтынушыларды зерттеу және оның мәдениеті, тарих, ұйымдастырушылық зерттеулер мен философия сияқты көптеген салалармен қатысты болып келетін ауқымды ақпараттардан тұрады». Жоғарыда атап өткендей, сыйлық берудің өзі түрлерге жіктелген, айталық қызметкер мен басшы арасындағы, бұл жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы жақсы қарым-қатынасты орнату функциясын атқарады. Тағы бір түрі - әлеуметтік тең екі тұлғаның арасындағы сыйлық алмасу. Ол бір-біріне деген сенім мен құрметті сипаттайтын қарым-қатынасқа негізделген. Дэвис (Дэвис (2000) Дарр сілтемесі (2017, 95 б.) (*Davis, as cited in Darr*) сыйлықтың бұл түрін «жомарттық

сыйлықтары» ('gifts of generosity') деп атады. Жоғарыда айтылғандай, Маусстың (Mauss, 2002, 10-18 бб.) сыйлық беру теориясы – жалпы адамзаттың сыйлық беру немесе қабылдау жан-дүниесіне терең үңілген теорема. Өйткені ол «жалпы қызмет көрсету», «берілген заттың рухы» сияқты сыйлық алмасу мәселесіне көбірек әрі терең түсінік береді. Сонымен қатар, «беру, қабылдау міндеттемесі» және «адамдарға жасалған және құдай жолында жасалған сыйлық» деген фундаменталды түсініктер енгізілді. Ең бастысы - осы сипаттамалар мен түсініктер мақсаты мен міндеттері, беру/қабылдау формалары жағынан ғасырдан ғасырға өзгеріссіз келе жатқаны. Мысалы, әр түрлі әлеуметтік топтар арасындағы сыйлық алмасудан басқа діни жоралғыларда, мешіттерде, шіркеулерде садақа беру де, «құдай жолында сыйлық жасаудың» немесе «табиғаттан жақсылық, шапағат күтудің» айғағы. Бұл садақа беру де «қайтарымды» екенін көрсетеді (Mauss, 2002, 18-20 бб.). Бұл әлеуметтік қарым-қатынастың кең тараған бір түрі ғана. Бұл - барлық қоғам мен ұлттар үшін ортақ әлеуметтік құбылыс. Мысалы, Карла мен Гори (Carla and Gori, 2014, 59 б.) Еуропада 1880-1890 жылдары арасында сыйлық беру ұғымы кеңінен тарағанын айтады. Кейбір азаматтар (тіптен зерттеушілер де дәлелдеуге ұмтылуы мүмкін) Қазақстанда тұрмыстық жемқорлық, оның ішінде, сыйлық беру мен алу салт-дәстүрде бар және оны жою мүмкін емес деген дәлелдер келтіреді. Бірақ бұл жерде дәстүрде бар, ғасырлардан қалыптасқан сыйлық беру, құрмет көрсету қағидаттары парақорлықтың жайылуына себеп деп біржақты қарауға да болмайды. Сол сияқты сыйлық беру дәстүріне түбегейлі тосқауыл қою деген ойдан да аулақ болғанымыз дұрыс. Басқаша айтқанда, сыйлық беру мен пара берудің ара-жігін, шекарасын ажырата алуымыз басты мақсат болуға тиіс. Әрине, бұл тартысты тақырып. Дегенмен, халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай сыйлық беру барлық халықта бар болған және бола береді де. Мысалы, Тробриан аралдары (*the Trobriand Islands*) мекендеген адамдар «Кула» (*the kula*) кезінде (Кула – маусымдық сыйлықтар мен заттар, әшекей бұйымдар т.б.

ауыстыру (айырбастау) жәрмеңкесі) түрлі заттарды айырбастау үшін жүздеген шақырым жерлерден келетін болған. Ол сыйлыққа сыйлық, затқа зат және қонақжайлық қағидаттарына негізделген. Бұл сыйлық беру алушы адамға қандай да бір сыйлықты кері беру немесе басқа да құрмет көрсетуді міндетті ететіндігін тағы бір рет дәлелдейді (Mauss, 2002, 34 б.). Бұндай жәрмеңкелер үлкен дайындықта және өзара жарыста өтетін болған. Сыйлықтар мен заттарды жаппай алмастыру жарыс түрінде әрі қарсы тайпадан ең жақсы әріптес табу масатында ұйымдастырылды. Нәтижесінде барлық сыйлық алған тарап міндетті түрде алған сыйдың деңгейінде немесе одан бірнеше есе жоғары сыйлықтар мен заттарды берген тарапқа қайтарып отырған (Mauss, 2002, 36 б.).

Қазақстанда сыйлық пен пара беру шенеуніктер мен қарапайым азаматтар арасындағы алмасу түрінде кең таралды. Мысалы, Зиманов (Зиманов, 2009, 198 б.) Кіші Ордада 1855 жылы Беріш және Адай тайпаларынан шыққан қазақ отбасылары Сұлтан Шығаяевтың үстінен жағалау аймағының губернаторына ұжымдық арыз жазғанын және онда Шығаяевқа өз мәселесімен келген азаматтар сыйлықпен келсе арызын қарап, тез шешіп беретіні, ал бос қол келгендердің арызын шешпек түгілі, қабылдамайтыны туралы жазылғанын атап көрсетті. Тексеру көрсеткендей, Шығаяев тек өз билігін жеке мақсатқа асыра пайдаланумен шектелмеген, ол ауыл, болыс басқарушыларының орындарын 100-ден 200 рубльге дейін құнда сатқан. Алайда, бұл сыйлық беру емес, бұл пара берудің нақты көрінісі.

#### **Анықтамалар (Definitions)**

Жоғарыда айтылғандай, сыйлық беру мінез-құлқы терең, өз тарихы бар және сан алуан түрлі нысанда болып келеді. Өсіресе қазіргі заманғы қоғамда олардың түрі одан әрі көбейе түсуде. Сыйлықтар кішкентай естеліктер, бұйымдар, заттар, өнімдер, азық-түлік, киім-кешек, гүл, өтір (парфюмерия), тіпті, қолма-қол ақша, аса қымбат автокөліктер мен тұрғын үйлер немесе ұшаққа (темір жол т.с.с.) бизнес-класс және туристік саяхаттарға билеттер түрінде болуы мүмкін. Бір сөзбен айтқанда, сыйлық алмастыру қарапайым адамдардан

бастап жоғары деңгейдегі шенеуніктерге дейінгі әлеуметтік топтар арасындағы қандай да бір кез-келген құндылықты айырбастау. Қашан сыйлық беру пара беру болып саналады деген негізгі сұраққа жауап іздемес бұрын «сыйлық», «пара», «парақорлық» және «сыбайлас жемқорлық» терминдеріне анықтамалар беруіміз орынды.

Белло (Bello, 2014, 280 б.) зерттеуіне сәйкес: «Сыйлық бұл – қандай да бір нәрсені, затты, бұйымды беру үрдісі, немесе кез-келген қызмет көрсету түріндегі жасалатын әрекет». Бұдан шығатын қорытынды, сыйлыққа кез-келген нысандағы ақша қаражаттары, қайырымдылық садақалар, бағалы қағаздар, жылжымалы және жылжымайтын мүліктер, немесе бір тұлғаның екінші тұлғаға берген кез-келген артықшылықтары кіруі мүмкін.

Біріккен Корольдік (Ұлыбритания) парақорлық актісі (UK Bribery Act, 2010) бойынша: «Парақорлық бұл – (ұсынушы тарап) бір тұлғаның екінші тұлғаға ақша қаражатын немесе басқалай артықшылықтарды ұсынуы, беруі немесе уәде етуі және сол арқылы екінші (алушы тарап) тұлғаның өз функционалдық міндеттерін немесе қызметін тиісті деңгейде орындамауға түрткі болуы саналады»-делінген.

Сонымен, бір тұлғаның екінші тұлғаға ақшалай қаражат немесе тегін қызмет көрсету сияқты кез-келген құндылықтарды беруі (ұсынуы) арқылы басқа адамның немесе «алушының» (қабылдаушының) «берушіге» (ұсынушыға) заңда қаралмаған артықшылықтарды беруімен ұласатын заңсыз іс-қимылға алып келеді (Bello, 2014, 280 б.).

Transparency International (2018) берген анықтамасы бойынша: «Сыбайлас жемқорлық – жеке бас пайдасы үшін сеніп тапсырылған билікті асыра пайдалану» ретінде сипатталған.

Тағы бір ақпарат көзі, мысалы, Экономикалық Ынтымақтастық және Даму Ұйымы (ЭЫДҰ) сыбайлас жемқорлықты «жеке қаржылық немесе басқа да пайда табу үшін мемлекеттік қызметшілердің, шенеуніктердің (тағайындалған немесе сайланған) өз өкілеттіктерін белсенді немесе енжар түрде пайдалануы»-деп анықтады (Hough, 2017, 68 б.). Жоғарыда

келтірілген талқылаулар «сыйлық беру» сыбайлас жемқорлықтың, әсіресе, пара алу түріндегі жемқорлықтың бастауы болатындығын айқындады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңына сай (1-бап, 1)-тармақ) «сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу»-деп сипатталған (Kazakhstan Respublikasynyn «Sybailas zhemkorlykka karsy is-kimyl turaly» Zany, 2012).

### **Сыйлықтан параға (From gift to bribe)**

Сыйлық беру кең тараған құбылысқа айналды. Оның себептері әртүрлі, ертеден келе жатқан салт-дәстүрге негізделген, алайда жаңаша тұрпатты сыйлық беру нысандары пайда болды. Мысалы, олардың қазіргі қоғамда кең тараған түрлерінің бірі - мекеме-ұйымдар қызметкерлері басқа қалалардан іссапардан, саяхаттан келгенде әріптестеріне, басшыларына естелік сыйлықтар алып келуі. Осы тұста сыйлық пен параны бір бірінен ажырату өте қиын. Сондықтан да көптеген елдердің заңдарында сыйлық беруге тыйым салынған және шенеуніктерге, мемлекеттік ұйымдардың қызметкерлеріне жеке тұлғалардан сыйлық қабылдау заңмен қудаланады. Көптеген жағдайда «пара беру» іс-әрекеті «сыйлық беру» сияқты көрінуі мүмкін. Керісінше, «сыйлық беру» іс-әрекеті «пара беру» болып та көрінуі әбден мүмкін. Алайда, егер «берілген сыйлық» орнына, алушы немесе қабылдаушыдан кері қарай одан бірнеше есе құнды болып келетін артықшылықтарды беруді жүктеу, міндеттеу (кез-келген әдісте өзара



келіскен негізде) - бұл «пара беру» екендігін дәлелдейтін индикаторлар болып табылады. Басқаша айтқанда, «сыйлық» атауы айтып тұрғандай, ешқандай қайтару міндеттерін жүктемеуі тиіс. Алайда, «сыйлық» кез-келген уақытта өзінің бастапқы әлеуметтік функциясын өзгертуі мүмкін. Неге, не үшін деген сұрақ туындайды. Неліктен сыйлық беру мен пара беру өзара ауыспалы? Тағы да қандай белгілер сыйлықтың параға айналуын айқындайды? (Tanzi, 1998, 565 б.). Аталған сұрақтарды төменде қысқаша талқылап көреміз. Айталық, бірқатар елдердің заңнамасында сыйлықтың құнына қарай оның пара немесе пара емес екені анықталған. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 12-бабы, 1-тармақ, 4-тармақшасында жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың сыйлықтар қабылдау бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайтындығы айтылған. Аталған шектеуді бұзған жағдайда тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктер қаралған. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 12-бабы мен «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 50-бабына сәйкес жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар мен мемлекеттік қызметшілерге құнына, мөлшеріне (мысалы, кәмпиттер, кәдесыйлар), қандай да бір себебіне қарамастан (мереке, туған күн) сыйлық қабылдауға және ұсынуға тыйым салынады. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 676-бабына бойынша: «Жеке тұлғалардың мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға немесе оларға теңестірілген тұлғаларға заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер беруі не қызметтер көрсетуі, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады» - деп көрсетілген. Кодекстің 677-бабы Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның қандай да жолмен сыйлықтарды қабылдауы, егер

бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса алты жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады (Kazakhstan Respublikasynyn «Sybailas zhemkorlykka karsy is-kimyl turaly», 2012). Бұл аталған заң талаптары билік өкілдерінің сыйлық алуын шектеуге негізделген. Заңның осындай талаптар мен шектеулер қоюының өзі сыйлық алудың артында кері қайтару жауапкершілігі бірге жүретіндігін дәлелдеп отыр. Сыйлық беру белгілі бір қызмет түрін заңсыз алуға немесе алынған қызмет пен артықшылықтарға рахмет ретінде берілген болса, ол – параға айналды деген сөз. Заң осындай жағдайлардың алдын алу үшін қолында қандай да бір билігі бар тұлғаларға сыйлық алуға шектеу қояды. Сонымен қатар, жоғарыда аталған заңнамаларда сыйлық параға айналған жағдайда ол үшін қаралған жауапкершіліктер нақты көрсетілген. Алайда, сыйлық беру пара болып табылмайтын жағдайлар да бар екенін баршамыз білеміз. Мысалы, мемлекеттік қызметші туған күніне отбасы мүшелері мен жақын достарынан қабылдаған сыйлықты айтуға болады. Яғни, бұл жерде сыйлық екенін дәлелдейтін жағдай ол – қабылданған сыйлықтың қызметтік міндетін орындаумен байланысты болмауы.

Қазақ халқының мақал-мәтелдері бұл теория жайында нақты айтқан. Мысалы, «Сыйға сый, сыраға бал», «Судың да сұрауы бар», «Қолда барда қонышынан бас». Бірінші екеуі сыйлық беру туралы Мосстың, Малиновскийдің теорияларын нақты қуаттайды. Белло (Bello, 2014, 282 б.) сыйлық беру мен парақорлықтың өзара ерекшеліктерін айта келе, Малиновскийдің «pure gift» яғни, «тегін сыйлық» терминіне берген анықтамасын дәлелдеуге тырысады. Алайда, Малиновский мойындағандай, «тегін сыйлық» өте сирек кездесетін құбылыс болып табылады. Күнделікті өмірде үйлену тойы, туған күн кештерінде берілген сыйлықтар «тегін сыйлық» деп есептеледі, бірақ сыйлық қабылдаған той, туған күн иесі сіздің тойға немесе туған күніңізге келсе, кезекті сыйлықты кері қарай сізге береді. Бұл жерде тіпті «тегін сыйлықтың» («*pure gift*») өзі тегін емес екенін көрсетеді. Белло (Bello, 2014)

Мосстың «Сыйлық» («*The Gift*») жұмысын тұжырымдай келе, оның теориясымен келіседі және сыйлық беру тек сыйлық қабылдаумен шектелмейтінін, сонымен қатар, сыйлық қабылдаушы тарапынан сыйлық жасаған тұлғаға кері қарай сыйлық алу міндеттемесін де бекітетінін атап көрсетеді. Қорыта келе, сыйлық беру - адамдар арасында өзара айналыста болатын әлеуметтік қарым-қатынас жүйесі. Белло (Bello, 2014), сондай-ақ, сыйлық беру - бұл әлеуметтік-мәдени құбылыс және пара мен сыйлық арасында өте жіңішке шекара бар екенін айтады. Сондықтан да күнделікті өмірдегі сыйлық беру мәселесі мен оны заңмен шектеу талас тудыратын тақырыпқа айналды. Алайда, зерттеулер қатары дәлелдегендей, сыйлық беру пара берудің бастауы және сыйлық кез-келген уақытта параға айналуы мүмкін. Сонымен бірге, сыйлық беру немесе қабылдау нәтижесінде мемлекеттік қызметші және басқа да қызметкерлер өзінің функционалдық міндеттеріне қайшы келетін, немесе міндеттері бойынша қаралмаған, заңдар мен ережелерге және әдеп кодекстерінің қағидаттарына қайшы келетін әрекеттер (әрекетсіздіктер) жасау арқылы сыйлық бергендерге қатысты кез-келген артықшылықтар беруі «сыйлықтың параға айналуы» болып табылады. Нақ осы жерден үлкеннен (*grand*) тұрмыстық (*petty*) сипатқа дейінгі сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністері бастау алады.

Грейкар және Джэнкикс (Graucar and Jancsics, 2017, 104 б.) түрлі елдердегі сыйлық беру дәстүрлерін тізбектеген. Мысалы, Америкада көршілер жаңадан келген көршілеріне торт пен бисквит таратады, ал Жапонияда іскер адамдар бірінші рет бизнес кездесу кезінде құнды сыйлықтармен алмасады. Бұл көршімен жақсы қарым-қатынас орнату және жаңа бизнес жобаны іске асыруда әріптестердің бір-біріне деген өзара құрметті сезінуі бағытында жасалады. Тағы бір мысал өте қызықты. Польшада элекрик қызының балабақшасына дабыл және бақылау жүйесі қондырғысын тегін орнатады. Бұл, сыйлық беру мінез-құлқы заманға қарай дамып, жаңа түрлерге өзгеріп отыратынын айғақтайды.

Қазақстандағы сыйлық беру мәселесі туралы Вернер (Werner, 2000) өз

еңбегінде арқау еткен. Ол сыйлық, сүйінші, байғазы, көрімдік, шашу, қалың мал, жасау, кит және т.с.с. он түрлі сыйлық беру және салт - жоралар атауларын тізбектеген. Үйлену тойдағы шашу, бет ашар немесе жаңа киім, автокөлік т.б. сатып алған адамға беретін көрімдік сияқты сыйлық беру дәстүрлерін бәріміз де білеміз. Белло (Bello, 2014, 297, 302 бб.) Африка Одағының Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Конвенциясы мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Конвенциясы (United Nations Convention against Corruption, 2004) талаптарының жергілікті заңдарда сақталуы туралы зерделеген. Өкінішке орай, заңдарға әр ел өзінше талаптар енгізген, мысалы, Нигерия қылмыстық Кодексінде (параграф 6(3) мемлекеттік қызметшілерге туыстары мен жеке достарынан сыйлықтар қабылдауға рұқсат етілген, егер ол сыйлық беру жергілікті салт-дәстүрге сай болған жағдайда. Бұл өз кезегінде қылмыстық Кодексті әлсіздендіреді. Тағы бір маңызды мәселе - сыйлық беру мен қабылдау параға кез-келген уақытта айналатындықтан пара беру, сыйлық беруді жеке сектор қызметкерлері арасында да заңмен шектеу. Қазіргі кезде тек қана мемлекеттік қызметшілер немесе аурухана, мектеп сияқты мемлекеттік мекеме қызметкерлері үшін ғана шектеулі. Мысалы, Нигерияның Лагос штатының заңында жеке меншік компаниялар қызметкерлері арасында да пара беруге немесе алуға тыйым салынады (Bello, 2014, 294 б.).

### **Қорытынды (Conclusion)**

Түрлі зерттеулер көрсеткендей, барлық қоғамда да сыйлық беру дәстүрі кең тараған. Малиновскийдің (Bello, 2014, 280 б.) «тегін сыйлық» (*free gift*) теориясын қоспағанда, сыйлық беру теориялары ортақ қорытындыға келген. Яғни, тегін сыйлық өте сирек кездеседі және сыйлық беру қайтару жауапкершілігі мен міндеттемелер тудырады. Мосстың сыйлық беру теориясы айқындағандай, Американдық Үнділер мен Австралиялық аңшылар сыйлық алмастыруды дәстүрлі қолданған. Осы шағын эсседе талданған сыйлық беру теориясы тек қана сыйлық беру қай уақытта пара беруге айналатынын сыни тұрғыдан талқылау

мақсатын көздеді. Сондықтан бұл талқылау сыйлық беру мен қабылдаудың барлық аспектілерін қарастырмайды. Дегенмен, сыйлық беру мәдени және антропологиялық өзекті мәселе ретінде алдағы уақытта одан әрі терең зерттеліп, қоғамға тигізетін әлеуметтік-экономикалық салдарына тиісті баға беруге негіз болады деп есептеймін.

Сөз соңында, сыйлық өзінің құнына қарамастан қабылдаушының көңіл-күйіне, жоспарлары мен ұстанымдарына әсер

ете алады және сонысымен ол параға айналады, себебі сыйлық алған адам берушіге қандай да бір артықшылық жасауы әбден мүмкін. Артықшылық тек қана материалдық емес, моральдық та, ақпараттық та болады. Бұл заңдар мен ережелерде сыйлық беру мәселесі бойынша шектеулерге өте ұқыптылықпен және жан-жақты қарауды керек ететінін дәлелдейді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ (REFERENCES)

- Kazakhstan Respublikasynyn «Sybailas zhemkorlykka karsy is-kimyl turaly» 2015 zhylygy 18 karashadagy №410-V Zany. (2012). *Kazakhstan Respublikasynyn Adilet ministrliги «Adilet» Zannama zhane kukuktyk aқparat instituty*. [The Law of the Republic of Kazakhstan dated 18 November 2015 №410-V «On Combating Corruption». *Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan Institute of legislation and legal information «Adilet»*] Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410>.
- Bello, A., (2014) 'Gift-Giving, Anti-Bribery Laws and the Nigerian Constitution: Matters Arising'. *Journal of African Law*, 58(2), 278–302. Retrieved from <https://www.cambridge.org/core/journals/journal-of-african-law/article/giftgiving-antibribery-laws-and-the-nigerian-constitution-matters-arising/53ABB8BBF5071444788C170B50F7556C>.
- Carla, F., and Gori, M. (2014) *Gift giving and the 'embedded' economy in the ancient world*, 1st edition. Heidelberg: Universitätsverlag Winter.
- Darr, A., (2017) Gift giving in mass consumption markets. *Current Sociology*, 65(1), 92–112. Retrieved from <https://journals.sagepub.com/doi/abs/10.1177/0011392115622977>.
- Graycar, A., and Jancsics D., (2017) Gift Giving and Corruption *International Journal of Public Administration*. 40(12), 1013-1023. Retrieved from <https://www.tandfonline.com/doi/abs/10.1080/01900692.2016.1177833?journalCode=lpad20>.
- Hough, D., (2017) Anticorruption. *German Politics and Society*, 35(1), 63-82. Retrieved from 10.3167/gps.2017.350104.
- Komter, A., (2007) Gifts and Social Relations the Mechanisms of Reciprocity. *International Sociology*, 22(1), 93-107. Retrieved from <https://journals.sagepub.com/doi/10.1177/0268580907070127>.
- UK Bribery Act (2010). *Legislation.gov.uk*. Retrieved from <https://www.legislation.gov.uk/ukpga/2010/23>.
- Mauss, M. (2002) *The Gift*. London, England and New York, US: Routledge Classics.
- Tanzi, V., (1998) Corruption Around the World: Causes, Consequences, Scope, and Cures. *Palgrave Macmillan Journals on behalf of the International Monetary Fund Stable*, 45(4), 559-594. Retrieved from <http://www.jstor.org/stable/3867585>.
- Transparency International the global coalition against corruption (2018). Retrieved from <https://www.transparency.org/what-is-corruption#define>.
- United Nations Convention against Corruption (2004). *University of Sussex, Study direct, Course Corruption and Governance, Anti-Corruption, core readings*. Retrieved from <https://studydirect.sussex.ac.uk/course/view.php?id=29828&topic=1>.
- Werner, C. (2000) Gifts, Bribes and Development in Post-Soviet Kazakhstan. *Human Organization*, 59(1) 11–22. Retrieved from <https://sfaajournals.net/doi/abs/10.17730/humo.59.1.w2582tqj18v3880p>.
- Zimanov, S., (2009) 19 gasyrdyn birinshi zhartyzhyldygyndagy Kazakhtardyn aleumettik kurylymy zhane Bukey khanaty. Zimanov, S., (2009) *The social structure of the Kazakhs of the first half of the 19th century and Bukey khanate*. Almaty, Kazakhstan: Arys.